

# GOD'S SIMPLE PLAN OF SALVATION FROM JOHN



## Why did Jesus die?

### 1. Man by nature does evil (wrong).

John 3:19 “Ал соттың мәнімынадай: «Құдайдың Нұры» жерге келді, бірақ адамдар Одан гөрігүнекті жақсы көрді, себебі олардың істері жаман еді..”



**Құдайдың кешіріміне мұқтаж екенімізді айтады.**

### 2. By that nature we are condemned.

John 6:40 “Себебі Әкемнің рухани Ұлын көріп, Оған сенген барлықадамдарға мәңгілік өмір сыйлауы. Мен соларды ақырғы күні қайтатірілтіп аламын.

John 3:18 “Оған сенушілер қияметте сотталмайды, ал Құдайдың жалғыз рухани Ұлына сенбейтіндер әлдеқашан сотталған..”

John 3:36 “Құдайдың рухани Ұлына сенушілер мәңгілік өмірге ие. Ал Онығындамағандар шын өмірді көрмей, Құдайдың төніп тұрған қаһарына ұшырайды”



**There is a cost for sin!**

### **3. Jesus was in the world and he died for us.**

John 14:6 “Иса оған: — Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды.

John 3:16-17 Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады. Құдай Өзінің рухани Ұлын адамзатты соттауға емес, құтқаруға жіберді.

John 1:10,12 “Ол бұл дүниеде бар еді, бірақ әлемді жаратқан Сол болса да, адамдар Онығынаныған жоқ. Бірақ Оны қабылдап, Оған сенім артқандардың бәрін Ол Құдайдың рухани балалары болуға құқықты етті

### **IV Сіз оны Құдайдың мейірімі мен рақымдылығының арқасында болатын сенім арқылы ғана ала аласыз.**

Ефес. хат 2:8-9 Себебі Құдайдың рақымымен, Мәсіхке деген сенімдерің арқылы құтқарылдыңдар. Бұл өздеріңнің жетістіктерің емес, Құдайдан келген сый, сондықтан игі істеріңнің арқасында құтқарылдым деп ешкім мақтанбасын.

Титке арналған хаттың 3:5 «...Ол бізді жасаған әділ істерімізге бола емес, Өзінің мейіріміне бола күнәдан жуып тазартып, Киелі Рухы арқылы рухани қайта туғызып жаңартты».

Acts 4:12 Исадан басқа ешкім де бізді (Құдайдың қаһарынан) құтқара алмайды! Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!

## 5. You must believe on the Lord and you will have everlasting life!

John 5:24 “Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: кімдекім сөзіме құлақ асып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілікөмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, руханиөлімнен шынайы өмірге өтті.

John 6:47 “Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім Маған сенсе, солмәңгілік өмірге ие

John 10:28 Соларға мәңгілік өмір беремін. Олар ешқашан құрымайды, ешкімоларды Менің қолымнан тартып алмайды.



*Егер сіз Иса Мәсіхті өзіңіздің жеке Құтқарушыңыз ретінде қабылдап, Құдайдан кешірім алғыңыз келсе төменде көрсетілгендей мінажат етіңіз. Алайда есіңізде болсын: сіз әншейін сиыну арқылы құтқарылмайсыз, ең бастысы сіз өз күнәларыңыздың Иса Мәсіх арқылы кешірілгеніне сенуіңіз керек. Ал мінажат ету арқылы сіз өзіңіздің Құдайға сенетініңізді және сізді құтқарғаны үшін Оған риза екеніңізді білдіресіз.*

**«Құдайым!**

**Мен Сенің алдында күнә жасағанымды мойындаймын және жазалануға тиісті екенімді білемін. Бірақ Иса Мәсіх менің Оған артқан сенімім арқылы кешірілуім үшін менің тартатын жазамды Өз мойнына алды. Мен өз күнәларымды мойындаймын және менің құтқарылу жолым жалғыз Сен ғана екеніне сенемін. Сенің маған төккен рақымыңа және бірген кешіріміңе рахмет! Амин!»**